

**"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 892 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № 743 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 31 тамызда № 24169 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2016 жылғы 19 қазандағы №892 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14386 болып тіркелген) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) Кадр қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Министрлікте осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Министрліктің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі*

*М. Бекетаев*